

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Студенттік өмір

2014-2015 оқу жылы

2014 жылдың 22 қыркүйегі күні Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Тіл апталығының» жабылу рәсімі өткізілді. Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы және Жастар ісі жөніндегі Комитетінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесіне орай **«Жеті жұрттың тілін біл - жеті түрлі білім біл!»** атты акциясы өткізілді. Акцияға жиналған студенттер мен ұстаздарды **«Қазақстан халқының тілдері күні»** мерекесімен Абай атындағы ҚазҰПУ Тәрбие ісі жөніндегі проректор, профессор Жанатбек Ешенқожаұлы Ішпекбаев құттықтады. Шара барысында елімізді мекен еткен әртүрлі ұлттардың дәстүрі мен биін паш ететін **«Халық дәстүрі - асыл қазына»** атты сайыс болып өтті. Шара соңында университетіміздің студент жастары флэш-мобпен «Қара жорға» биін орындады.





Абай атындағы ҚазҰПУ-де **2014 жылдың 15 қыркүйегі мен 30 қазан күндері** өнерпаз студенттерді анықтау мақсатында студент-жастар арасында **«Біз таланттарды іздейміз!»** атты іріктеу өткізілді. Кастингте университетіміздің институттар мен факультеттер арасында өткізіліп, 68 студенттен өтініш келіп түсті. Олардың арасынан жеке ән орындаушылар, жүргізушілер, ақындық және мақала жазатын қабілеттері бар және биге икемі келетін студенттер іріктелініп алынды.



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың **«Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам»** бағдарламасының басым бағыттырын насихаттау мақсатында

2014 жылдың 10 қазаны күні Жастар ісі жөніндегі комитетінің және Студенттік активтің қатысуымен жиналыс болып өтті. Жиналыс барысында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ж.Е.Ішпекбаев университеттің Студенттік кәсіподағы мен студенттік өзін-өзі басқару органының студенттерді Қоғамдық еңбекке тарту бойынша жасалған жұмыстары туралы баяндама жасады.



Студент жастарды пайдалы еңбекке баулу және қала көшелерін қоқыс пен қатты қалдықтардан тазарту мақсатында **2014 жылдың 11 қазаны** күні профессор-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлері және студенттердің қатысуымен 28-панфиловшы-гвардияшылар саябағында сенбілік өткізілді. Сонымен қатар әр институт пен факультет арнайы бөлінген аумақта тазалық жұмыстарын жүргізіп, ауланың тазаруына өз үлестерін қосты.





2014 жылдың 17 қазаны күні Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы мен Жастар ісі жөніндегі Комитеттің бірлесе ұйымдастыруымен «Самал» пансионатында «Қарттар күніне орай» «Үлкенге құрмет – жастарға міндет» атты акция өткізілді. Білім ордамыздың бір топ өнерлі студенттері қазыналы қарттарымызға арнап кішігірім концерттік бағдарлама ұсынды. Акция соңында барша жиналған қарттарға мерекелерімен құттықтап гүл шоқтары мен арнайы сыйлықтар тарту етілді.



Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы аясында **2014 жылдың 22 қазаны** күні Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жастар ісі жөніндегі комитетінің ұйымдастыруымен университетіміздің студенттік «Бірлік» Ассамблеясының өкілдері мен белсенді студенттердің қатысуымен **«Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді әрі мықты іргетасы!»** атты тақырыбында диспут сабақ өткізілді. Шара барысында ұлтаралық келісім мен патриоттық тәрбие туралы пікірлер айтылды.



2014 жылдың 27 қазаны мен 5 қараша күндері аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-де **«Студент жастар – білім көшін бастар!»** атты апталықтың аясында **«Студенттік қатарға қабылдау»** салтанатты рәсімі болып өтті. Шара барысында Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев университет табалдырығын аттаған 1 курс студенттерін құттықтап, болашақтарынан үлкен үміт күтетіндігін және олардың білікті маман болатынына сенім білдірді. Сонымен қатар шара барысында **«Студенттік билет»** пен **«Білім кілті»** салтанатты түрде табысталды. Мерекелік шара өнерпаз студенттердің қатысуымен концерттік бағдарламамен жалғасты.





Білім жылы аясында Халықаралық студенттер күніне орай **2014 жылдың 10 қарашасы күні «Студент жастар – білім көшін бастар!»** атты студенттік апталықтың ашылу рәсімі болып өтті. Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е.Ішпекбаев апталықты салтанатты түрде ашып берді. Жанатбек Ешенқожаұлы университетіміздің студенттерін 17 қараша-Халықаралық студенттер күнімен құттықтап, студент жастарды университеттің мәдени-қоғамдық шараларына белсенді қатысып, өз үлестерін қосуға шақырды. Сонымен қатар, Жанатбек Ешенқожаұлы студенттерді студенттік апталықтың аясында өткізілетін іс-шаралардың кестесімен таныстырып өтті.



«Студент жастар – білім көшін бастар!» атты студенттік апталықтың аясында **2014 жылдың 11 қарашасы күні** Тәрбие ісі жөніндегі проректор

Жанатбек Ешенқожаұлы Ішпекбаевтың қатысуымен «**Жастар нұрлы болашақ жолында!**» атты университетіміздің студенттік клубтары мен үйірмелерінің кеңейтілген отырысы өткізілді. Шара барысында клубтар мен үйірмелерде атқарып жатқан жұмыстары туралы мәліметтер тыңдалып, студенттік өнерпаздықты әрі қарай дамыту жолдары талқыланды.



2014 жылы 12 қараша күні студенттер мен ұстаздар қауымына көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «**Студенттік сәттерім!**» атты КТК сайысы болып өтті. Көңілді тапқыр клубының ойыны өте қызықты өтті. Командалар өздерінің ойындарын жоғарғы деңгейде көрсете алды. Келген көрермендердің көңілдерінен шығып, риза болып қайтты. Сайыс қорытындысы бойынша: **I орын «Назар қыздары»** жаратылыстану және география институты, **II орын «Абайдың немерелері»** филология институты, **III орын «Физ Мат»** информатика, физика және математика институты иеленді. «**Үздік ойыншы**» болып өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс студенті Пернебаев Алмат иеленді. Жеңімпаздарға ректор кубогы, мақтау қағаздары және ақшалай сыйлықтар табыс етілді.



2014 жылдың 13 қарашасы күні Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Спартак» спорт кешенінде ректор кубогына арналған студенттер арасында волейболдан университетішілік жарыс болып өтті. Сайысқа 6 институт пен Тарих факультетінің командалары қатысып қайтты. Сайыс қорытындысы бойынша **I орынды** жаратылыстану және география институты жеңіп алса, **II орын** өнер, мәдениет және спорт институтына бұйырып, педагогика және психология институты мен информатика, физика және математика институттары **III орынға** ие болып, педагогика және психология институтының 4 курс студенті Мырзабеков Нұрмахан – «**Үздік ойыншы**» атағына ие болды. Жеңімпаздарға ректор кубогы мен «**Мақтау қағаздарымен**» және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



2014 жылдың 15 қарашасы күні «Дамудың сенімді кепілі – жастар!» тақырыбында ректор кубогына арналған университетішілік пікір-сайыс турнирі болып өтті. Турнирге барлық институт пен тарих факультетінің пікірсайысшылары қатысты. Турнирді Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев ашып берді. Сайыскерлер арасынан мықтыларды анықтау үшін 3 раундтық ойын ойнатылды. Нәтижесінде, Филология институтының **«Атамекен үшін»**, тарих факультетінің **«Самұрық»** фракциясы, филология институтының **«Барыс»** фракциялары финалға жолдама алды. Турнир қорытындысы бойынша I орынды филология институтының **«Атамекен үшін»** тобы, II орынды тарих факультетінің **«Самұрық»** фракциясы, III орынды филология институтының **«Барыс»** фракциясы жеңіп алды. Жеңімпаздарға ректор кубогы, мақтау қағаздары және ақшалай сыйлықтар табыс етілді.



2014 жылдың 17 қарашасы күні «Күз ханшайымы мен ханзадасы» атты өнер сайыс болып өтті. Сайысқа Көптілді білім беру институты, өнер, мәдениет және спорт институты, филология институты, Жаратылыстану және география институты, педагогика және психология институты, физика, математика және информатика институттары мен тарих факультетінің атынан өнерпаз студенттер қатысты. Сайыскерлер арасынан үздігін анықтау мақсатында бес кезеңнен тұратын конкурс өткізілді. Конкурс барысында институттар мен факультет атынан қатысқан жұптар жеміс-жидектен мүсін жасау, өздерінің актерлік шеберлігін көрсетіп, өз қолдарымен жасалған киім үлгісін көрсету керек болатын. Сайыстың соңғы кезеңі мақал-мәтелдер жарысымен жалғасты. Сайыс қорытындысы бойынша **«Күз ханшайымы мен ханзадасы»** өнер, мәдениет және спорт институтының студенттері Тұрсынқұл Алия мен Құрманбеков Асет атанды.

Студенттік апталықтың жабылу салтанаты аясында тәрбие ісі жөніндегі проректор Жанатбек Ешенқожаұлы Ішпекбаев студент жастарды 17 қараша-Халықаралық студенттер күнімен құттықтап, университеттің қоғамдық-мәдени шараларына белсене қатысуға шақырды. Сонымен қатар сайыс жеңімпаздарына ректор кубогы табысталып, апта бойы белсенділік танытқан студенттерге тәрбие ісі жөніндегі проректордың **«Мақтау грамотасы»** және ақшалай сыйлықтар табысталды.



16 қараша – Толеранттық күніне орай Тәрбие басқармасы тарих және шетелдік студенттермен жұмыс **2014 жылдың 20 қарашасы күні «Қазақстандық жастар: толеранттық және конфессияаралық диалог арқылы өзара түсінік пен ынтымақтастыққа қол жеткізу»** атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие ісі жөніндегі проректор, саяси ғылымдарының кандидаты, профессор Жанатбек Ешенқожаұлы Ішпекбаев ашып, елімізде бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңыздылығын атап өтті.

2014 жылдың 9 желтоқсаны күні Абай атындағы ҚазҰПУ-де Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен **«Нұрлы жолмен–Мәңгілік елге»** атты университетішілік жас ақындар мүшәйрасы өткізілді. Сайысқа 7 жас ақын қатысып, ақындық шеберліктерін танытты. Мұшайра барысында өнерімен ерекшелінген студенттер Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаевтың атынан «Алғыс хатпен» және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Жаңа жыл мерекесіне орай **2014 жылдың 26 желтоқсаны** күні студенттер мен магистранттарға арналған **«Қош келдің, Жаңа 2015 жыл!»** атты шоу-думан болып өтті. Мерекелік кешті Абай атындағы ҚазҰПУ-нің бірінші проректоры Мұбарак Ермағанбетұлы Ермағанбетов құттықтау сөзімен ашып, жыл бойы университетіміздің қоғамдық-мәдени шараларында белсенділігімен ерекшеленген студенттер мен магистранттар ректордың **«Мақтау грамоталарымен»** марапатталды. Жастар саясатын дамыту ісінде азаматтық белсенділіктерімен ерекшеленген студенттерге Тәрбие ісі жөніндегі проректор, профессор Ж.Е.Ішпекбаевтың атынан **«Алғыс хат»** табысталды. Мерекелік кеш студенттердің қатысуымен бал биіне ұласты. Жаңа жылдық думан Қазақстан эстрадасы жұлдыздары мен университетіміздің өнерпаз студенттерінің қатысуымен концерттік бағдарламамен аяқталды .



2015 жылдың 31 қаңтары күні сағат 10.00-де Медеу мұз айдынында Қазақстан Халық Ассамблеясының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған флешмобқа Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарының белсенді студенттері қатысты. «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетінің Жастар ісі жөніндегі комитеті мен белсенді студенттері аталмыш іс - шараға белсенді түрде ат салысты. Іс - шара барысында студенттер ұлттық киімдерді киіп би биледі. Алматы қаласының жастар саясаты дамуының мемлекеттік қорының бастығы Сеитов Совет Сауытұлы студент жастарды Ассамблеяның 20 жылдық мерейтойымен құттықтап жастардың ынтасын арттыру үшін іс- шара өткізілді.



2015 жылдың 18 наурызы мен 3 сәуірі күндері аралығында Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен қаламыздың 19 жоғары оқу орындарының арасында «Студенттік көктем-2015» Алматы қалалық дарын және шығармашылық фестивалі өтті. Бұл байқаудың мақсаты – студент жастарға Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойын дәріптеу арқылы патриоттық сезімін арттыру, отансүйгіштікке, толеранттылыққа тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу болып табылады. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың өнерпаз жастары да, аталмыш байқауға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.





2015 жылдың 9-10 сәуірі күндері аралығында Астана қаласында «Тәуелсіздік сарайында» Елбасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының қатысуымен «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының III Кезектен тыс Съезі өтті. Аталмыш Съездің негізгі міндеттері «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы жастардың рөлін талқылау, «Жас Отан» ЖҚ 2020 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау, Жастар қанатының ребрендингін аяқтау болып табылады. Съезд жұмысына еліміздің барлық аймақтарынан «Жас Отан» ЖҚ белсенділері, жастар ұйымдарының мүшелері, шығармашыл жастар, жас ғалымдар, спортшылар, мәслихат депутаттары, жұмысшы және ауыл жастары қатарынан 2000 адам қатысты. Аталмыш шараға университет тарапынан Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы, Нұрман Ермұқан бастаған бір топ белсенді студент жастар қатысты.



2015 жылдың 11 сәуірі күні - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спорт кешенінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіповтің, Қазақстан футбол Федерациясы өкілдерінің және Алматы қаласының жетекші оқу орындары ректорларының қатысуымен «**Көктем-Күз**» маусымдық футболдан Ұлттық студенттік лига ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ спорт кешенінде өткен Футболдан студенттердің ұлттық лигасының ашылу салтанатында ҚР Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов қатысушылар мен жанкүйерлерді лиганың ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі. «Ұстаз» командасын қолдау мақсатында ашылу рәсіміне университет ректоры профессор С.Ж. Пірәлиев, Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев және сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қатысты.



2015 жылдың 13 сәуірі күні - Республикалық Қоғамдық штаб өкілдері және «Жас Отан» ЖҚ-ның Алматы қалалық филиалы өкілдері, республикалық, қалалық және аудандық Қоғамдық Штаб мүшелері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, жастар ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен университет жастарымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Астана қаласында өткен «Жас Отан» ЖҚ-ның съезі және Жастар форумын, форумға қатысушылардың Қазақстан жастарын үндеуін талқылап, «Мәңгілік ел» идеясын іске асырудағы мақсаттар мен мүмкіндіктерді айқындалды.



2015 жылдың 18 сәуірі күні - Орталық стадионда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен «**Алматы көктемі**» атты фестиваль өтті. Аталған шараға университет басшылары бастаған профессор-оқытушылар құрамы мен 3000-ға жуық студент жастары қатысты. Шара барысында Елбасы Н.Ә. Назарбаев жастарға өзінің жылы лебізі мен нық сенімін білдіріп, болашақтың кілті білімді де, жоғарғы интеллектуалды жастардың қолында екенін баса айтты. Шара үлкен театрландырылған қойылым мен концерттік бағдарламаға ұласты. Өнерпаз жастардың қатарында университетіміздің қыздарынан құралған «Кәусар» тобы да қатысып, өз өнерлерін көрсетті.





2015 жылдың 23 сәуірі күні - Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен **«Мен алғашқы рет дауыс беремін!»** атты акция ұйымдастырылды. Шараның мақсаты сайлауға қатысып дауыс беру, әрбір кәмелеттік жасқа толған жастардың азаматтық парызы екендігін насихаттай отырып, елі үшін, өзі үшін маңызды науқанға атсалысуға шақыру. Жалпы акцияға барлық институттардан 18 жасқа, яғни кәмелеттік жасқа толған студенттер қатысты.



2015 жылдың 18-30 сәуірі күндері аралығындағы Тәрбие жұмысы, жастар саясаты және мемлекеттік тілді дамыту басқармасы және Жастар ісі жөніндегі комитетінің ұйымдастыруымен «Бейбітшілік пен келісім-жастардың тандауы» атты Студенттік көктем фестивалі өткізілді.



7 мамыр «Отан қорғаушылар күні» меркесіне орай Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен «Студенттік көктем 2015» Алматы қалалық дарын және шығармашылық фестивалінің жабылу салтанаты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің саябағында өтті. Университеттен 40 студент қатысып, қыздар құрамасынан құралған «**Кәусар**» тобы да өз өнерлерін көрсетіп қайтты. Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарының арасында ұйымдастырылған «Студенттік көктем 2015» фестивалінде университетіміз II орынды иеленіп 150 мың теңге ақшалай сыйақы мен арнайы грамотамен марапатталды. Университетміздің жемісті де жеңісті сәттерінің кезеңдері күн санап арта берсін.



2015 жылдың 4 маусымы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні мерекесіне орай «Мемлекеттік рәміздер-менің мақтанышым»

атты акция өткізілді. Акция барысында университет студент жастарының арасында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері және олардың тарихы» атты викториналық ойын, «Көк байрағым көгімде желбіреген!..» атты сурет байқауы ұйымдастырылып, «Мемлекеттік рәміздер—менің мақтанышым» атты ақпараттық-танымдық жадынамасы таратылды және флеш-моб ұйымдастырылды.



Жазғы маусымда студенттерді уақытша жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша университетіміздің «Жасыл ел» еңбек жасағы мен **Студенттік құрылыс жасағы**, сонымен қатар **Қабылдау комиссия** мүшелері 2015 жылдың 20 маусымынан бастап өз жұмыстарын бастады. Студенттік құрылыс жасақтары штабы құрамына жұмысқа үміткерлер өте көп өтініш білдіргендіктен студенттер іріктеу негізінде тандалған. Іріктеу университеттің барлық институттары арасында жүргізіліп, нәтижесінде оқуда үздік, әлеуметтік жағдайы төмен және қоғамдық шараларға белсенді қатысқан студенттер жұмысқа қабылданды. Атап айтқанда, Қабылдау комиссиясына **10** студент, Студенттік құрылыс жасағына **37** студент және «Жасыл ел» еңбек жасағы құрамына **30** студенттер жұмысқа қабылданды.



2015 жылдың 9 тамызы күні жазғы маусымда студенттердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында Тәрбие ісі жөніндегі проректор Жанатбек Ішпекбаевтың колдауымен және Тәрбие басқармасы, Студенттер кәсіподақ ұйымы бірлесе Қапшағай шипажайында орналасқан «Ұстаз» демалыс орнында Студенттік құрылыс жасағы, «Жасыл ел» еңбек жасағы, Қабылдау комиссиясы құрамында жұмыс жасап жатқан студент-жастарға демалыс ұйымдастырып, жақсы көңіл күй сыйлады. Демалыс барысында студенттер суға шомылып, түрлі ойындар және би кеші ұйымдастырылды.

